С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған **«Сейфуллин оқулары–10: Мемлекеттің индустриалды–инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі**» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения–10: Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны»,** посвященная 120-летию со дня рождения С.Сейфуллина**.** – 2014. – Т.I, ч.2. – Б.201-202

«ЖАСЫЛ» ЭКОНОМИКАҒА КӨШУ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР

Бекбосынова С.

Еліміздің қарынды дамуы кезенінде азық-түлік қауіпсіздігіне, су, табиғи ресурстарды, энергетиканы тиімді пайдалану мен таза сақтай отырып дамыту жолдарына үлкен көңіл бөлінуде. Бұл Қазақстанның ортақ даму стратегиясы шеңберінде Қазақстанның «Жасыл» экономикаға өтуі бағдарламасында айқындалып көрсетілген. «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасы Қазақстан халқының әл-ауқатын, өмір сүру сапасын арттыру, елдің әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіруі арқылы қоршаған ортаға түсетін жүктеме мен табиғи ресурстардың тозуын барынша азайта отырып, жаңа экономикаға көшу мақсатында терең жүйелі жаңартулардан құралған.

Ел алдында тұрған «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі негізгі басым міндеттер:

1) ресурстарды (су, жер, биологиялық және басқа) пайдалану мен оларды басқару тиімділігін арттыру;

2) қолда бар инфрақұрылымды жаңғыртып, жаңаларын салу;

3) қоршаған ортаға қысымды жұмсартудың рентабельдік жолы арқылы халықтың әл-ауқаты мен қоршаған ортаның сапасын арттыру;

4) ұлттық қауіпсіздікті, соның ішінде су қауіпсіздігін арттыру болып табылады.

Осыған байланысты «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдама үш кезеңмен іске асырылуы қарастырылған:

2013-2020 жж. - мемлекеттің негізгі басымдығы ресурстарды пайдалануды оңтайландыру және табиғат қорғау қызметінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ «жасыл» инфрақұрылымды құру;

2020-2030 жж. - қалыптасқан «жасыл» инфрақұрылым базасында суды ұқыпты пайдалануға, жаңартылатын энергетика технологияларын дамытуды көтермелеп, ынталандыруға және оны кеңінен пайдалануға, сондай-ақ құрылыстарды энергия тиімділігінің жоғары стандарттарының базасында салуға бағдарланған ұлттық экономиканы жаңарту;

2030-2050 жж. - ұлттық экономиканың табиғи ресурстардың жаңартылуы мен орнықтылығы қағидаттарында пайдалануды талап ететін «үшінші өнеркәсіптік төңкеріс» деп аталатын қағидаттарға көшуі.

Аталмыш мақсаттардың қойылуы мемлекеттің «жасыл» экономикаға ауысу саласындағы саясатты белсенді жүргізіп жатқаны, «таза» болашақты құрудағы қарқынды қадамдар жасалынып жатқаны анық көрсетілген.

Сонымен қатар стратегияның негізгі міндеттері экологиялық аспектілері бойынша ресурстық базаға қысымды төмендетуге; аймақтық «жасыл» кластерлер құрылысы; қоршаған ортаның ластану деңгейін төмендету; маңызды экожүйелерді және ұлттық табиғи нысандарды қорғауды қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі халықаралық талаптарды орындамаумен байланысты саудалық шектерді белгілеу қаупін төмендетуге бағытталған.

Республиканың келешекте тұрақты өсуі үшін орнықты «жасыл» экономиканы құруға мүмкіндіктер бар. Бұл жағдайда ең маңызды міндеттер аймақтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселелерін шешу, табиғи ресурстарды басқару жүйесін құру, сумен қамтамасыз ету жүйесін оңтайландыру; топырақ құнарлылығын қалпына келтіру бойынша жобаларды іске қосу, ауылшаруашылық дақылдарының түрлеріне сай егіс далаларының құрылымын басқару мәселелерін шешу болып табылады.